

Астана қаласы «Ж.Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК

Кәсіптік бағдар бойынша фестиваль, олимпиада, жоба өтілуі оқушылардың болашақ мамандықты дұрыс таңдауға бағытталды. Іс-шара барысында түрлі мамандықтар таныстырылып, қызығушылық пен қабілеттерін анықтауға мүмкіндік берілді.

Мақсаты:

Оқушылардың кәсіби қызығушылығын арттыру, қабілеттерін анықтау және дамыту.

Міндеттері:

- Фестиваль, байқау, олимпиада арқылы түрлі мамандықтарды таныстыру;
- Оқушылардың шығармашылық және зияткерлік әлеуетін дамыту;
- Өзін-өзі танытуға, белсенділікке ынталандыру.

Нәтижесі:

Оқушылар кәсіби бағыттағы іс-шараларға белсене қатысып, өз қабілеттерін көрсетті, мамандық таңдауға деген қызығушылығы артты.

«ProФест»мамандықтар фестивалінің қалалық кезеңі 7қараша күні №104 мектепте «Астана дарыны»орталығының ұйымдастыруымен 5-7сынып оқушылары арасында өтті. Фестивальдің негізгі мақсаты — оқушыларды әртүрлі мамандықтармен таныстыру, олардың қызығушылықтарын арттыру және кәсіби бағдар беру жұмысының тиімділігін күшейту. Іс-шара барысында оқушылар мамандықтар әлемі туралы мағлұмат алып, шығармашылық және танымдық тапсырмаларға белсенді қатысты. «Skill Masters» жұмысшы мамандықтар II-орын-Әлібек Мақпал (жетекшісі - Хонай Алмагүл). «Art&Creative» шығармашылық мамандықтар III орын-Бердіқұлова Гүлдана (жетекшісі Адбукаримова Зейнеп)



«Педагогикалық сынып» кәсіби бағдар жобасы

№11 мектеп-лицейінде 9–11сынып оқушыларына арналған кәсіби бағдарлау кездесуі өтті. Кездесу «Педагогикалық сынып» жобасы аясында ұйымдастырылып, дарынды жастарды педагогикалық мамандықтарға тарту мақсатында өтті. Кәсіптік бағдар беру жұмысы аясында мектепте Астана Халықаралық Университетінің жоғары педагогикалық колледжі өкілдерімен кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында колледж ұстаздары мен студенттері өз оқу орындарын жан-жақты таныстырып, педагогикалық бағыттағы мамандықтар туралы толық ақпарат берді. Колледж өкілдері қазіргі білім беру жүйесіндегі педагогтың рөлі, мамандықтың маңыздылығы және болашақ мұғалімге қойылатын талаптар жөнінде баяндама жасап, оқушылардың сұрақтарына жауап берді.



Сонымен қатар олар колледждің артықшылықтары заманауи оқу кабинеттері, тәжірибелік сабақтар, дуальды оқыту жүйесі, халықаралық серіктестік мүмкіндіктері және студенттердің кәсіби дамуына арналған қосымша бағдарламалар туралы айтып өтті. Кездесудің ерекше бөлімі ретінде оқушыларға арналған дамытушылық тренинг ұйымдастырылды. Тренинг барысында оқушылар командамен жұмыс істеу, бір-бірімен тиімді байланыс орнату, өз ойларын ашық жеткізу және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған түрлі интерактивті тапсырмалар орындады. Балалар топтық ойындар мен практикалық жаттығуларға белсенді қатысып, жаңа атмосферада өздерін сынап көрді. Шара оқушыларға педагогикалық мамандықтың қыр-сырын түсініп, осы бағытқа қызығушылығын арттыруға үлкен мүмкіндік берді. Кездесу өте пайдалы әрі әсерлі өтіп, көптеген оқушыға болашақ мамандық таңдауда бағыт-бағдар болды. Оқушылар ұстаздық мамандықтың ерекшеліктері мен артықшылықтарымен танысып, болашақта өз жолын білім саласымен байланыстырудың маңыздылығын ұғынды.




12.11.2025

Жасанды интеллект және дизайн

Басқару колледжімен жасалған меморандум аясында 9 сынып оқушыларымен «Есептеу техникасы және ақпараттық желілер» оқу бағдарламасы бойынша арнайы сабақ өткізілді. Сабақты арнайы пәндер оқытушысы Байгазина Жансулу Нуржановна жүргізді. «Жасанды интеллект және дизайн: Canva мен Gamma көмегімен шығармашылық жоба» тақырыбындағы бұл сабақта оқушылар заманауи цифрлық бағдарламалардың мүмкіндіктерімен терең танысты.

Сабақ барысында оқушылар Canva платформасында визуалды дизайн құруды, ал Gamma құралында жасанды интеллект көмегімен жобалар жасау тәсілдерін меңгерді. Қатысушылар өз идеяларын шығармашылық жоба ретінде әзірлеп, цифрлық ортада жұмыс істеу дағдыларын жетілдірді. Мұндай тәжірибе оқушылардың логикалық ойлауын, шығармашылық қабілетін, ақпараттық сауаттылығын және жаңа технологияларға қызығушылығын арттырды. Сабақ оқушылар үшін пайдалы, мазмұнды және практикалық бағытта өтті. Оларға жасанды интеллектті күнделікті білім алу процесінде қалай қолдануға болатыны көрсетіліп, болашақ мамандықтарда цифрлық дағдылардың маңызы түсіндірілді.



25.11.2025



28 қараша күні «El Umiti» қорының Qabilet қызметі Қазақстандағы 15-18 жас аралығындағы оқушылар арасында қысқаметражды фильмдер онлайн-байқауына 11 «Ә»сынып Кәрібай Ақтілек Дәуренбекқызы қатысты. «Мұғалім болғым келеді» атты қысқаметражды фильм түсірді. Өз қысқаметражды фильмінде мұғалімнің бала өміріне қалай әсер ететінін, оның жүрегіндегі мейірімнің қандай үлкен өзгеріс жасай алатынын көрсетті.



8 желтоқсан күні «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау мақсатында Л.Б.Гончаров Қазақ автомобиль жол институты «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында ұйымдастырылған 11сынып оқушылар арасында «Young Transport Engineer 2025» республикалық инженерлік олимпиадасына қатысты. Олимпиаданың мақсаты мамандықтарға қызығушылын арттыру, көлік технологиялары мен машина жасау салалары бойынша кәсіби бағдарын дамыту.



«Педагогикалық сынып» кәсіби бағдар жобасы

Педагогикалық сынып жұмысы шеңберінде оқушылар Астана Халықаралық Университетінің Жоғарғы педагогикалық колледжі өкілдерімен арнайы ұйымдастырылған кездесу өткізді. Бұл шараның мақсаты – оқушыларға педагогикалық бағыттағы кәсіби мүмкіндіктерді таныстыру, заманауи мұғалім мамандығының қыр-сырын ашу және олардың болашаққа деген көзқарасын кеңейту. Колледж өкілдері оқу орнының тарихымен, жетістіктерімен және студенттерге ұсынылатын білім беру бағдарламалары, шетелдік серіктестік жобалар, тәжірибе алаңы, дуальды оқыту жүйесі туралы толық ақпарат ұсынды. Сонымен қатар, студенттердің шығармашылық, ғылыми жобаларға қатысуына арналған алаңдар мен кәсіби дамуға бағытталған орталықтардың жұмысы да таныстырылды. Кездесудің ерекшелігі – оқушылардың педагогикалық мамандықтың нақты қырларын жақыннан көруі. Олар сабақ құрылымы, әдістемелік жоспар құру, балалар психологиясы, сыныппен жұмыс жүргізу жолдары туралы мәлімет алып, педагог болудың жауапкершілігі мен маңызын сезінді.

Іс-шара барысында колледж мамандары оқушыларға кәсіби мотивациялық тренинг ұйымдастырды. Тренингте:

- топтық жұмыс дағдыларын дамыту,
- өз қабілеттерін анықтау,
- мақсат қою және оған жету жолдары,
- педагогқа қажет коммуникативтік және көшбасшылық қасиеттер

сияқты маңызды бағыттар қамтылды.

Оқушылар белсенділік танытып, пікір алмасып, түрлі тапсырмаларды орындау арқылы өз мүмкіндіктерін бағамдады. Бұл кездесу педагогикалық сынып оқушыларына үлкен серпін беріп, олардың таңдаған бағытқа деген қызығушылығын арттырды. Шара оқушылардың кәсіби бағдарлануына нақты бағыт беріп, болашақ мамандық туралы саналы шешім қабылдауға көмектесті.

03.12.2025



Жұмысшы мамандықтар жылы

19 желтоқсан күні Жұмысшы мамандықтар жылына арналған іс-шара өтті. Іс-шара 100 бейіндік сынып аясында ұйымдастырылып, оған мектебімізден 4 оқушы қатысты. Шара барысында оқушылар жұмысшы мамандықтарының қоғамдағы маңызы, еңбек нарығындағы сұранысы және кәсіби дамудың мүмкіндіктері туралы жан-жақты ақпарат алды. Сонымен қатар, қатысушылар түрлі өндіріс салаларындағы мамандықтармен танысып, тәжірибелі мамандардың пікірлерін тыңдады. Іс-шара оқушылардың еңбекке деген қызығушылығын арттырып, болашақ мамандықты саналы таңдауға бағыт берді. Мұндай шаралар оқушылардың кәсіби бағдарын қалыптастыруға, өз қабілеттерін бағалауға және еңбек адамына деген құрметті арттыруға үлкен ықпал етеді.



Цифрлық технологиялар

23 желтоқсан күні меморандум аясында мектеп оқушыларына арналған кәсіби бағдар беру сабағы өткізілді. Сабақтың тақырыбы: «Цифрлық технологиялар: ЖИ арқылы фото жандандыру және веб-бағдарламалауға кіріспе». Аталған сабақ сынып оқушыларына Байгазина Жансулу Нұржановна, «Басқару колледжінің» арнайы пәндер оқытушысы тарапынан өткізілді. Сабақтың мақсаты- оқушыларды заманауи цифрлық технологиялармен таныстыру, жасанды интеллект мүмкіндіктерін көрсету және веб-бағдарламалау саласына қызығушылықтарын арттыру. Сабақ барысында оқушылар жасанды интеллект көмегімен фотосуреттерді жандандыру жолдарымен танысып, практикалық тапсырмалар орындады. Сонымен қатар веб-бағдарламалаудың негізгі ұғымдары түсіндіріліп, бұл бағыттағы мамандықтар туралы мәлімет берілді. Оқушылар белсенді қатысып, өз сұрақтарын қойып, жаңа білім алды. Сабақ соңында оқушылардың алған білімдерін бекіту мақсатында шағын қорытындылау жүргізіліп, цифрлық технологиялар саласындағы мамандықтарға бағыт-бағдар берілді. Аталған сабақ оқушылардың кәсіби бағдарын айқындауға және болашақ мамандық таңдауына оң әсерін тигізді.

